

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНАМА, СОТ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ  
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ КОМИТЕТІНІҢ  
КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 26 қаңтар

Отырысты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, кворум бар. Комитеттің кеңейтілген отырысын бастаймыз.

Күн тәртібі алдарыңызда. Қарсылық болмаса, бекітеміз.

Күн тәртібінде бір мәселе қаралады, ол проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам нотариата».

Баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитет мүшесі Ләззат Жаңылысқызы Сүлейменге беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Құрметті Владимир Васильевич, құрметті әріптестер! Нотариат институтын одан әрі дамыту мақсатында Парламент депутаттары бастамашылық етіп, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы әзірленді.

Бүгін елімізде 17 аймақтық, бір республикалық нотариаттық палата бар, 4 мың 211 нотариус қызмет атқаруда. Осы нормалардың барлығы осы уақытқа дейін нотариустермен, заңгерлермен кездесуде туындаған ұсыныстар.

Заң жобасы нотариат салында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, тиімді мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге бағытталған. Жоба қазіргі уақыттың қажеттіліктеріне жауап береді деп ойлаймыз.

Енгізіліп отырған жаңашылдықтар:

1. Нотариаттық қызметті одан әрі цифрландыруға қатысты нормалар ұсынылып отыр. Осы орайда нотариаттық куәландырылған құжаттарды сақтаудың орталықтандырылған электрондық жүйесін (репозиторий) құру көзделіп отыр. Бұл мәселе қаражатты қажет етеді. Қазір уәкілетті органмен келісіп отырмыз, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырылады. Осы жылдың 1 шілдесінен бастап әр құжатқа QR-код беріледі. Ол әр құжаттың түпнұсқалығын растауға мүмкіндік береді, яғни репозиторий нотариаттық құжаттарды электрондық мұрағатқа жинауға, ретке келтіруге, сақтауға, есепке алуға және пайдалануға арналған ақпараттық бірыңғай жүйе болып табылады.

2. Нотариустың құқықтары мен міндеттерін кеңейтуге байланысты нормалар енгізіліп жатыр. Нотариусқа келген азаматтар нотариусқа

қатысты емес көптеген сұрақтарды қояды (тәжірибе бойынша), сондықтан заң жобасына енгізіліп отырған өзгерістерге сәйкес нотариустар қазір азаматтарға өтеулі негізде кеңес бере алады. Бұның халыққа заңдық ақпарат беруге де үлкен көмегі тиеді деп ойлаймыз.

3. Нотариаттық палаталарды басқару органдарының өкілеттіктері регламенттеледі:

- 1) жоғары орган - Республикалық нотариаттық палатаның съезі;
- 2) атқарушы орган - Республикалық нотариаттық палатаның басқармасы;
- 3) бақылаушы орган – ревизиялық комиссия.

Бұл органдар осы уақытқа дейін жұмыс істеген, бірақ нотариаттық палатаның уставы негізінде. Енді бұл заңға арнайы енгізіліп отыр.

Тағы бір маңызды мәселе нотариустарға түсіп жатқан шағымды қарайтын орган. Нотариаттық палатаның жанында тәртіптік комиссия құралады. Бұл комиссия төрт нотариустан және үш азаматтық тұлғадан құралады. Қоғамдық өкілдерді Әділет министрлігі ұсынады, ол жеті адамнан тұрады. Бұрын палатаның өзі қарайтын, енді арнайы тәртіптік комиссия қарайды. Оның қалыптастыру тәртібі, жазалау шаралары, шешімдер қабылдау тәртібі заң жүзінде нақтыланып отыр.

Сонымен қатар нотариаттық палатаның жанында ғылыми консультациялық кеңес және басқа органдар құрылу мүмкіндігі қарастырылып отыр.

Келесі маңызды мәселе – қағаз жеткізгіштегі және электрондық құжаттың тең мәнділігін куәландыру. Бұл азаматтардың уақытын да, қаражатын да үнемдеуге мүмкіндік береді, халық үшін пайдалы болады деп ойлаймыз.

Келесі мәселе нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның күшін тоқтату негіздерін кеңейту қарастырылып отыр. Мемлекеттік қызметте, Парламент, мәслихат депутаттарының өкілеттерін атқару кезінде тоқтатыла тұратыны көзделіп отыр.

Елімізде бірінші рет «нотариаттық құпия» ұғымы енгізіледі. Заң бойынша нотариус жүйесінде нотариаттық құпияны сақтайтын адамдардың тізімі де бекітіліп отыр. Бұл дербес деректерді қорғау міндеттерін қамтамасыз етеді, бұл нормалар бұрын болмаған.

Жалпы заң жобасы нотариат саласында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, тиімді мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Заңның жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, республикалық бюджеттің шығыстарын ұлғайтуды көздемейді.

Құрметті әріптестер, баяндалғандарды ескере отырып заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Мен бұл баяндамамен барлық комитеттерде болдым. Комитеттерде бірнеше сұрақтар қойылды, талқылаулар болды. Оның барлығына өкілетті

орган мен республикалық нотариаттық палатаның басшыларымен бірлесе отырып жауаптар берілді, талқыланды. Ресми ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Жаңылысқызы.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз комитет мүшесі Сәуле Мұханбедианқызы Айтпаеваға беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Құрметті Владимир Васильевич, құрметті әріптестер! Жаңа аталған заң жобасына біздің әріптестеріміз Владимир Васильевич Волков және Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызы бастамашылық жасады. Өте терең жұмыс. Ең алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы нотариатты ұйымдастырудың тиімділігін және қызметтің негізгі бағыттарын арттыруға бағытталған.

Осы мақсатқа жету үшін заң жобасы келесі міндеттерді жүзеге асырады:

1. Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің жұмысын реттеу және нотариаттық қызмет көрсету үшін электрондық нотариат элементтерін тиімді пайдалану. Ол туралы Ләззат Жаңылысқызы айтып кетті, оны мен қайталап жатпайын.

2. Нотариаттық құжаттарды сақтау және есепке алу үшін репозиторийдің орталықтандырылған электрондық жүйесін және электронды мұрағатты құру. Бұндай жүйе бірнеше елде бар: Грузия, Австрия, Германия.

3. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде мұраға кіретін бөлігін қоспағанда орналасқан орнына қарамастан жылжымайтын мүлікке қатысты.

4. Нотариатты басқару органдарының және олардың өкілеттіктерін егжей-тегжейлі регламенттеу және нотариаттық іс-әрекеттерді енгізу.

5. Тәртіптік жаза шараларын нақтылау, нотариустың құқықтары мен міндеттерін кеңейту, нотариаттық қызмет көрсету саласында заңдылықты сақтау және нотариустардың құқық қолдану тәжірибесінде біріділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Нотариустың міндеттерін кеңейту бойынша. Мәселен, электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыру және қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландыру көзделеді.

Заң жобасын қабылдау нәтижесінде қазіргі заманғы цифрлық технологияларды енгізу және қолдану нотариат туралы заңнамадағы құқықтық олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды жою, оның нормаларын бір-біріне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес келтіру күтіледі.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ. Заң шығару бөлімі алынып тасталған заң техникасы бойынша түсініктемелер алды.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы заң жобасын мақұлдауды ұсынамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәуле Мұханбедианқызы.

Уважаемые коллеги, при открытии первой сессии седьмого созыва Президент страны Касым-Жомарт Кемелевич Токаев обратился к депутатам и сказал о том, что необходимо принимать качественные законы. Это первое.

Второе. Он говорил о комплексном совершенствовании законодательства.

Рассматриваемый сегодня законопроект был принят в 1997 году. С тех пор внесено много изменений. Я считаю, что это один из законопроектов, который способствует совершенствованию нотариальной деятельности. С учетом изменений, цифровизации внесено очень много изменений и дополнений, то есть это очень качественный закон. Роль нотариуса заключается в обеспечении интересов защиты граждан и защиты бизнеса.

Уважаемые коллеги, поступило предложение – внести законопроект на рассмотрение заседания Сената и в соответствии со статьей 61 Конституции Республики Казахстан рекомендовать принять данный законопроект. Поддерживаем?

ОРНЫНАН. Поддерживаем.

ТӨРАҒА. Комитет, руководствуясь статьей 61 Конституции Республики Казахстан, рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам нотариата».

С содокладом на заседании Сената предлагается выступить члену комитета Айпаевой Сауле Муханбедиановне. С основным докладом на заседании Сената выступит сенатор Сулеймен Ляззат Жанылыскызы. В поддержку выступлю я.

На этом повестка дня исчерпана. Расширенное заседание комитета объявляется закрытым.

## ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

Конституциялық заңнама, сот  
Жүйесі және құқық қорғау  
органдары комитетінің төрағасы

В. Волков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының инженерлік  
орталығы» РМК директоры

А. Құсайынов

ОРЫНДАҒАН:  
Стенографиялау қызметінің  
Жетекші редакторы

И. Шыныбаева